

## Бірінші жартыжылдықта өткізілген іс-шаралар есебі

### КММ «Социал негізгі мектебі»

Социал негізгі мектебінде тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша қаңтардан бастап осы жыл соңына дейін жоспарланған іс-шаралар рет-ретімен орындалып отырды.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бойынша өткізілген іс-шаралар. 7 мамыр –Отан қорғаушылар күніне байланысты онлайн түрінде мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, ер азаматтарды құттықтау бейнероликтері жасалды. 9 мамыр Ұлы Жеңіске арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар «Мен Отанымды қорғаймын» тақырыбында кітап көрмесі жасалды. Бастауыш сыныптарда «Әрқашан күн сөнбесін» мерекелік концерт онлайн түрінде өткізілді. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап «Ерлік сабақтары», өлеңді жатқа айтудан жарыстар, 1-7 сыныптар арасында жеңіс күніне орай сурет байқаулары ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларына Ұлы Отан соғысы туралы бейнефильмдер көрсетілді.

Құқықтық тәрбие бойынша әр апта бойынша жоспар құрылды.

«Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» сынып сағаты,  
«Жасөспірімдер арасында есірткі қылмысының алдын алу» ақпараттық сағат,  
«Құқықбұзушылықтың алдын алу» тренинг, «Сенің құқығың –менің құқығым» сынып сағаты, «Жасөспірім және қылмыс» дөңгелек үстел өткізілді. Учаскелік инспектор Абишев.С.Б. мектеп оқушыларымен танысып, құқықбұзушылық туралы дәріс оқыды. Мектеп социологы Аубакирова Ж.Н. «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы-серіктестер» тақырыбында пікірталас өткізді. 6,7 сынып жетекшісі Баянтаева Л.М. «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» сынып сағаты, 9 сынып жетекшісі Садвакасова К.Б «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Бастауыш сынып жетекшісі «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік –

өмірінің қас жауы», «Жолда жүру ережесін білесің бе?» сынып сағаты өтілді.

Ұлттық тәрбие бойынша өткізілген іс-шаралар Көрісу күніне 14 наурыз күні мектеп оқушыларымен онлайн түрінде сынып сағаты өтілді. Оқушыларға осы тақырыпта бейнеролик көрсетілді. Ұлыстың ұлы күніне байланысты тойланатын мереке. Бұл күні бір-біріне әкпе-назы бар ағайын-туыс араздықты жойып, татуласып, табысады. Шет елдерде қазақтар көп қоныстанған жерлерде көрісу дәстүрі тойланады

Жоралғы күні онлайн түрінде ата-ана мен оқушылар арасында ұйымдастырылды. Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталады. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңартып, оқушыларға түсіндіру. Салт-дәстүр мен ырым-тиымдардың адам мен қоғам өміріндегі маңызыдылығы айтылды. Қолдан жасаған бұйымдарын жақын туыстарына беру.

Мектебімізде дене шынықтыру мұғалімінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында тоғызқұмалақтан «Шымырлық пен шеберлік» күніне жарыс өтті. Мақсаты: Оқушыларды жинақылыққа, ұқыптылыққа, тез шешім қабылдауға, тапқырлыққа үйрету. Оқушыларды тоғызқұмалақ ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Амангелді Еркетай, Әскер А...

21 наурыз "Казактың ұлттық тағамдары" атты бастауыш сыныптар арасында тәрбие сағаты өтілді. Казактың ұлттық тағамдары жайлы білу, ұлттық тағамдар маңызды екенін түсіне білуге және казак халқының салт-дәстүрін білуге, қонақжайлыққа тәрбиелеу.

22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурыз –жарық пен мейірімділік мерекесі» әдеби сазды кеші ұйымдастырылды.

Отбасы тәрбиесі бойынша отбасы күніне орай мектеп психологы «Отбасы-сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан» тақырыбында оқушылармен тренинг өтті. «Отан отбасынан басталады» сынып сағаты, «Менің отбасым» тақырыбында сурет көрмесі, «Біз бақытты баламыз» фотокөрме ұйымдастаралды. Денешынықтыру мұғалімінің басқаруымен «Әкем, анам және мен» спорттық жарысы болды. Отбасы күніне байланысты әр отбасы мүшелері «Отбасы ағашы» отырғызды.

Рухани адамгершілік тәрбиесі бойынша мектебімізде Мұқағали Мақатаевтің 90 жылдығына байланысты «Әр өлеңі бір әлем» әдеби сағаты өтілді. Мақсаты: Ақын поэзиясын терең ұғынуға, мәнерлеп оқуға, әндерін,

нақышына келтіре орындауға, ақын поэзиясын сүйіп оқуға баулу. Ақынның поэзия өнеріндегі биіктігін, асқақтығын оқушы көңіліне сіңіре отырып, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Бұл іс-шараға 1-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа айтты. Ақынның өлеңдерін оқуға қызығушылығын арттыру. Қатысты 27 оқушы.

Социал негізгі мектебінде Қазақстан республикасының 30 жылдығының тәуелсіздігіне «Бірге таза Қазақстан» сенбілігі жасалды. Мақсаты: көрнекті орындар мен табиғи аймақтарды қоқыстардан тазарту. Бұл іс-шараға оқушылар мен мектеп қызметкерлері 34 адам қатысты.

Құқықтық мәдениет бойынша «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты - міндет» сағаты өткізілді. Мақсаты: Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бір-құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдары аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Оқушыларға құқық туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға презентация көрсетілді. Бұл іс-шараға 17 оқушы қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектебімізде «Кітап оқыған пайдалы, кітап оқымасаң зиян» жарыстары оқушылар арасында ұйымдастырылды. Мақсаты: кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу, өз бетінше оқуға дағдыландыру. Ең көп кітап оқитын оқушыны анықтау. Оқушыларды кітап оқуға қызығушылығын арттыру. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша тоғызқұмалақтан ұлттық ойындарынан жарыстар болды. Мақсаты: Оқушыларға ұлттық ойындарды ойнай білуге, тоғызқұмалақ ойынына деген қызығушылығын арттыру. Балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа, тез шешім қабылдай білуге, тапқырлыққа үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Жеңімпаздарды анықтау. Қатысты 11 оқушы.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша «Атқа міну мәдениеті» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: атқа міну мәдениетін жан-жақты талдай отырып, жылқы жануаруның қазақ ұлтының өміріндегі рөлін анықтау. Жылқы малына қатысты білімдерін кеңейту. Ұлдарға 6-9 сынып оқушыларымен атқа міну туралы бейнеролик көрсетілді. Қатысушылар саны - 20.

Ұлыстың ұлы күніне байланысты «Армысың әз, наурыз» мерекелік іс-шарасы қашықтықтан ұйымдастырылды. Мақсаты: қазақтың салт – дәстүрін, ұлттық тағамдарын, ұлттық ойындары жайлы білуге кейінгі ұрпаққа көрсетіп, жалғастыруға тәрбиелеу. Іс-шараға 17 оқушы, мұғалімдер, ата-аналар

қатысты. бойынша «Киелі мұрамызға тағзым» тақырыбында виртуалды саяхат жасалды. Мақсаты: балаларға киелі орындарды көрсету, сол туралы білімдерін кеңейте түсу. Оқушыларға қашықтықтан мұражайларға саяхат бейнеролик көрсетілді. Қатысты 17 оқушы.

2021ж Социал негізгі мектебінің оқушылары мен мұғалімдер «Таза жағалау» акциясы аясында Есілдің маңын қоқыстардан тазалады. Мақсаты: ел азаматтарын қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақыру. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында ұйымдастырылған шараға 6-7 сынып оқушылары ұйымшылдықпен атсалысып, белсенді жұмыс істеді.

Экологиялық тәрбие бойынша мектебімізде «Біз болашаққа жауаптымыз» апталағы өтілді.

Табиғат туралы не білеміз? кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. «Жер біздің ортақ үйіміз» бейнеролигі көрсетілді. «Біздің үйдің жануарлары» «Табиғат аясындағы мен» сурет байқауы, «Мен табиғатты аялаймын» мәнерлеп оқудан жарыс ұйымдастырылды. «Жандану» қалдық заттардан қолөнер бұйымдарын жасады. «Менің қаламның болашағы» жобалар байқауы болды. «Мектеппен үйді абаттандыру» аумақты тазалады. 25 мамыр күні мектеп түлектері мектеп жанына «Түлектер ағашы» ағашын отырғызды.

Салауатты өмір салты бағыты бойынша тәуелсіздіктің отызжылдығына байланысты қазақша күрестен, тоғызқұмалақтан, шахматтан оқушылар арасында жарыс болды. Отбасы үніне байланысты әр сынып бойынша спорттық ойындардан жарыстар ұйымдастырылды. Әр мерекеде оқушылар флешмоб биледі.

«Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясы өтті. «Қауіпсіз көше және мен» сурет байқауы өткізілді. «Жолда үру ережесін білесің бе?» сынып сағаты өтті. «Жолда жүре білейік» тәрбие сағаты болды. «Қауіпсіз мектеп автобусы» ұрнымен флешмоб биледі.

«Жолаушылар және жүргіншілер» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

